

Егемен Қазақстан

 Egemen.kz

Жәния



1983 жылы жас пианист Жәния Әубәкірова Парижде өткен классикалық музыка конкурсында бас бәйге алды. Бұған халық болып қуандық. Еңсеміз көтерілді. «Кино үйінде» Жәнияны тұңғыш рет сахнадан көрдім. Фортепианода «Домбыра туралы аңызды» орындап аудиторияны бір сілкініп тастады. Бір қалада жүрсек те, бірақ, біз жүзбе-жүз кездеспедік. Тек 2008 жылы Ақтөбеде жүздестік. А.Жұбанов атындағы университет ректоры Кенжеғали Кенжебаев ұйымдастырған салтанатты жиында кездестік. Алматыға келген соң Жәния телефон соқты. «Аға, сізбен кездесуге бола ма?» деп. Мен қуанып кеттім. Консерваториядағы кабинетінде отырмыз. Ректор Жәния Яхияқызының дипломатиясы күшті екен.

– Аға, сіздің осы кабинетке келіп отырғаныңыз рас па? Соған сенер, сенбесімді білмей отырмын!.. – деді қазақша. Мен күдіктенген «тілдік перде» жойылды. Біздің таныстығымыз басталды. Мен оған өз кітабымды сыйладым.

– Біздің үйде де бір Жәния бар. Жәниядай халықтың сүйікті қызы болсын деп сіздің атыңызды қойдық! – дедім.

Жәния шаруасын айтты. Әкесінің жылына орай естелік кітап шығарғысы келеді екен. Соны ақылдаспақ. Бізден ақыл-кеңес күтеді. Осы күннен бастап біз Жәнияның әкесі – марқұм, академик Яхия Әубәкіров туралы болашақ кітап жобасын талқылауға кірісіп кеттік. Жәния бұрын қолына қалам ұстап көрмеген екен.

– Әкең туралы естелікті алдымен өзің жазуың керек! – деген талап қойдым. – Мен қалай жазамын?! – деп ол без ете түсті. – Жаза аласың! Тек қағазға естегілеріңді түсіре бастасаң болды. Әрі қарай қаламың сені өзі жетектей жөнеледі! Есінде болсын! Бұл кітапты қолына алған жан Жәния Әубәкірованың ғана жазғанын оқиды! Өйткені, Жәния тұлға олар үшін әлі ашылмаған әлем! – дедім.

Сонымен Жәния біраз ойланып толғанып жүрді де, ақыры, өзінің Алматыда өткен балалық шағы туралы, ата-анасы туралы «Әке туралы сөз» атты естелік жаза бастады. Бірнеше беті дайын болғаннан кейін оқып берді. «Мәссаған! Дайын жазушысың ғой!!» дедім. Ол балаша қуанып мээ болды. Жәния шыннан да жаза біледі екен.

Кітап дайын болғанша төрт ай өтті. Біз оның отбасымен таныстық. Жұбайы Ғалым Сапарғалиев кәсіпкер, даңқты пианистке лайықты жан екен. Қатар отырғанда бір-біріне жараса кетеді. Екеуінің алтын асықтай екі ұлы бар. «Сырт көз сыншы». Бұрын сахнада ғана көретін қарындасымды енді өмірде әртүрлі қырынан көре бастадым. Тереңірек тани бастадым. Ректор Жәния. Отанасы Жәния. Адам Жәния.

Бала тазалығын сақтай алғандар қандай бақытты! Ондай жандар жүрген жерін мереке шаттыққа бөлей жүреді. Жарық тарата жүреді. Ондай тұлғадан қараңғылық қашады. Жәния сондай жан. Сондықтан оны жұрт сүйеді. Аялайды. Оған тартылады. Сондай сәулелі жанның періште тазалығын тамашалайды. Сол тазалықтан мүлдем ажырап қалғандар қандай бақытсыз! Мұқағалидың: «Сәби болғым келеді» деуі содан шығар. Періште ақын жүрегі пері қоғамнан шошыса керек. Осындайда айқайлағың келеді. Ағайын, жер бетіне өзімізбен бірге келген сол бір періште тазалықты сақтайықшы деп. Бәрімізге Жаратушы сыйлаған сол бір жәннати байлықты бағалайықшы деп. Былғамайықшы деп. Егер сақтай білсек, аялай білсек, шын бақыт сол емес пе? Бақыт кәусары, қайнар көзі сол емес пе! Сол таза мөлдір кәусардан сусындау кімге зиян?! Тұнған шипа емес пе?! Сондай таза мөлдір болса төңірегің, ондай қауымда өмір сүрудің өзі бақыт емес пе?! Бірақ, кешегі құдайсыздар былғап кеткен, бүгінгі пері қоғам білгенін істейді. Сақтатпайды саған! Әрі итеріп, бері жығады...

«1932-33 жылдардағы ашаршылықта 4-5 жастағы менің әкем екі бауырынан айырылыпты. Әкем 11 жасқа келгенде әкесі, яғни атамыз Әубәкірге 1937 жылы «халық жауы» деген жала жабылып атылып кетеді. Ол кезде «халық жауының баласы» болудан өткен қасірет жоқ еді. Шыққан тегін жасырудан өткен қорлық жоқ еді. Осылайша, бала жастан қасірет пен қорлық көріп өседі. Әкем өмір бойы жазықсыз жапа шеккен әкесін сағынумен, ойлаумен өтті. Мен Алматы шетіндегі жер үйде өмірге келдім. Кішкентай бақшамызда әке-шешеміз маңдай терлерін төгіп картоп, сәбіз өсіретін. Сол бақшаға қарап

отырып бірде кешкісін кіп-кішкентай мен әкеме сұрақ қойғаным есте: «Папа, осы ғалам шексіз дегенді қалай түсінуге болады?» дегенім есте. Әкем: «Ғалам шынында да шексіз. Оның неге шексіз екенін әлі күллі адамзат түсіндіре алмай келеді!» дегені есте» деп жазды өз естелігінде Жәния ханым.

Жәниямен бірге оның әкесі жайлы естелік құрастыру үстінде біз оның бір қасиетін – ана тілін толық меңгеруге деген зор талпынысын байқадық. Кейде ойымды толық жеткізу үшін мен орысшалап кететінім бар, сонда Жәния дереу ескерту жасайды. «Аға, менімен тек қазақша сөйлесіңізіші!» деп. Әйгілі пианистің екінші бір біз байқаған қасиеті – Жәнияның әке аруағына деген айрықша адалдығы. Әкесіне деген перзенттік махаббаты еді.

«Көке! Сен біздің көз алдымызда жүргенде біз сені тек жақсы көрдік. Бүгінде сен көз алдымызда жоқсың! Сенің бейнең Құдай қасындағы періштедей елестейді. Ал, сен болсаң өмірде де періште едің ғой, көке!» дейді Жәния естелігінде әке рухымен тілдесіп. Осындай перзент өсірген ата-ана қандай бақытты! Бұны біз неге айтып отырмыз? Бүгінгі заманда, қазақ тұтастығының дінгегі болған иманды дәстүрлі отбасылар институты бұзыла бастаған тұста, сол дәстүрлі отбасылар орнына береке-бірлігі іркіттей іріген дәстүрсіз отбасылар келе бастаған тұста айтып отырмыз. Ұлт болып осынау құбылысқа алаңдап отырған тұста айтып отырмыз.

Жәния ханыммен жақын араласа бастаған жан оның болмысынан дәстүрлі тәрбие мен заманауи қалалық мәдениеттің сүйкімді үйлесімін көреді. Қалалық мәдениет түсінікті. Ал орыс мектебін бітірген Жәнияның бойындағы дәстүрлі мәдениет қайдан дейсіз? Осы сауалға жауапты біз алпысыншы жылдардағы ахуалдан таптық. Алпысыншы жылдар басында қазақтың дәстүрлі отбасының әлі де іргесі сөгілмеген кез еді. Дәстүрлі тәрбие тірегіндей аға ұрпақ әлі де қазақтың қарашаңырағының құты болатын. Сондықтан, ол кездегі балалар далада болса да, қалада болса да дәстүрлі отбасында, дәстүрлі тәрбие алды. Ол жылдар кеңестік тәрбие қанша төмпештесе де Ұлы Даланың имани рухы әлі тірі болатын. Жәния ұшқан ұя да сондай үлкенге құрмет, кішіге ізет ұйыған ұлттық ұя болды. Оның болмысындағы қазақылықтың қайнар көзі де сол отбасылық имани тәрбиеде жатты. Оның болмысындағы осынау имани тәрбиені күшейткен тағы бір фактор болды. Ол – оның кәсіби мамандығы, яғни классикалық музыка. Бала жастан классикалық музыкамен айналысқан қаршадай қыз бір нәрсені сезбепті. Фортпианоға отырған сайын оның он саусағы астынан оянған саналы да салмақты саз түптіңтүбінде оны жетелеп рухтар әлеміне, тылсымы терең онтологиялық әлемге бастайтынын білмепті. Тіл жетпес, тек терең рухтар ғана тілдесер тылсыммен түптің-түбінде беттесерін білмепті. Ондай ғажайып әлем қақпасы бұ дүние былығынан таза, пәк, сирек рухтарға ғана ашылатынын білмепті. Қаршадай қыз оның бәрін қайдан білсін! Алайда, қаршадай қызды жаңсақ бастырмай жетектеп желеп-жебеген періштесі болса керек. Біресе, ұстазы болып үйреткен, біресе, «ішкі үні» болып үлкен өнерге үндеген сол періштесі болса керек. Қаршадай қыз сол үнге ден қойған. Соған сенген. Соның соңынан ере берген. Сол періштесі қақпақылдап әкеп қаршадай қызды классикалық музыка қанатына қондырған. Өзге бір әлем – биік рухтар әлеміне әкеткен. Сөйтіп, қаршадай қыз классикалық музыка қанатында қалықтай берген. Қалықтай берген. Ақыры алдында көз көрмеген көкжиек керілген. Бах, Бетховен, Моцарттар әлемі. Бұл жоғары әлемде адам рухы Жаратушысымен, саз тілімен тілдеседі екен. Сырласады екен. Алыптардың жалған дүниеде жай таппаған жаны Иесімен, мәңгілікпен мұндасады екен. Жаратушысына жүз бұрып шер тарқатады екен. Әуелеген биіктегі бұл тылсым әлемге жер бетінің ласынан тазармаған жүрек, арылмаған рух көтеріле алмайды екен. Өйткені, бұл – бұ дүние тауқыметінен ада әлем. Әулиелер әлемі. Классикалық музыка әлемі. Періште жанға ғана ашылар жаннати әлем. Тазармағандарға ол биікте шарықтау жоқ. Өйткені, сана саңылауы бітелмек. Бітелсе, олардың құлағы рухтар үнін ести алмақ емес. Ести алмаған күйсандықты күңіренге алмайды. Тынғандарман көкейін үлкен рухтар үнімен тебі - ренте алмайды. Классикалық музыка әлемінің қиындығы осында. Бұл талап сүзгісінен классикалық музыка маэстролары ғана емес, оның

тыңдармандары да өтуге тиіс. Осындай талап, осындай сүзгіден өткен жандарға ғана осынау мистика мектебі есігі ашылмақ. Осындай мектептен өтті Жәния. «Жәй жүрсен де жайыңа қоймас қоғамда адам жан тазалығын сақтай ала ма?» деген сауалға жауап осы. Яғни болашақ маэстроны тербеткен бірінші бесік – иманы ұйыған дәстүрлі отбасы, екінші бесік классикалық музыка болыпты. Жеңіл-желпі жанр емес, саз өнерінің салмақты да сабырлы жанры. Өкінішке орай, бүгінгі заман – өнерден тереңдік пен салмақ кете бастаған заман. Басқасын былай қойғанда, өркениетпен бірге өскен классикалық әдебиеттің күйі не болды!? Оны да дәуір сахнасынан «бүгін бар, ертең жоқ» коммерциялық әдебиет ысырды емес пе?! Сол күн бүгінде классикалық музыка басына да туғандай. Ойға шақыратын классикалық музыка орнын бүгінде, тыңдарманын ойға емес, тойға шақыратын эстрада басты. Заманауи өнер, сөйтіп, зыр қағып ақша соңында жүр. Азайған классикалық музыканың аудиториясы ғана емес, бұл саланың жер бетіндегі саңлақтары да сиреген. Әлемдік өнерде осындай ахуал орнаған тұста классикалық музыканың Жәния Әубәкірова сынды бір жарық жұлдызы арамызда жүр. Сондықтан да, Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Жәнияның ата-анасы Яхия Әубәкіров пен Мәрзия Нұрмағамбетқызына жолдаған бір хатында:

«Сіздердің шаңырақтарыңыздан ұшып шыққан Жәния қарындасымыз бүгінде еліміздің даңқын әлемге жаюға қызмет етуде!» деп ұлы пианист өнеріне қысқа да нұсқа баға беріпті. Жуырда халық әртісі Жәния Әубәкірова басқаратын Құрманғазы атындағы Ұлттық консерватория ұстаздары мен студенттерінің галаконцерті Республика сарайында дүрілдеп өтті. Алматы әкімдігінің қолдауымен өткен бұл гала-концертке Президент қатысты. Жәния кіріспесөзді мемлекеттік тілде сөйледі. Таза сөйледі. Бұл музыка мерекесін біз, жалғыз ғана Ұлттық консерваторияның емес, жалпы, қазақ саз өнерінің бүгінгі ел алдындағы, Елбасы алдындағы есебіндей қабылдадық. Бір жарым сағатқа созылған осынау мінсіз өнер мерекесі аса биік кәсіби деңгейді көрсетті. Бүгінгі қазақ саз өнерінің шарықтап самғауын көрсетті. Бұл самғау тек отандық сахнада ғана емес, кең әлемдік сахнада да орын алғаны аян. Сондықтан да, поляк музыкатанушысы Ягна Данковска: «Жәния Әубәкірова еуропалық классикалық музыка өнеріне жаңадан ескен леп болды» деп жазды.

Сөз соңында тағы да Жәния тұлға туралы. Жаратушы Жәния дегенде жомарттық еткен. Одан ешнәрсе аямаған. Алдымен оған таудай талант берген. Және ажар мен ақылды, үлкен азаматтықты қоса берген. Осы қасиеттерімен ол заман алдында да, бүгінгі қоғам алдында да қазақ өнерінің, қазақ қыздарының рейтингін көтерді. Асқақтатты.

Смағұл ЕЛУБАЙ